



## ҚОРШАҒАН ОРТА ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР КОМИССИЯСЫ

Екінші кездесу

### ЖАҒАНДЫҚ КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ: СЕБЕПТЕРІ МЕН МҮШЕ ЕЛДЕРГЕ ТИГІЗЕТІН ЫҚТИМАЛ САЛДАРЫ

#### Ұсыныстар

Парламенттік ассамблея

Климат өзгерісінің ірі жаһандық сын екендігін, климатқа қатысты өзгерістердің әсерін жою мен тиісті ыңғайлану жұмыстарына қатысты ұлттық және аймақтық деңгейде концептуалды әрі ұзақ мерзімді жоспарлардың қажет екенін *түйсіне отырып*,

Климат өзгерісінің мүше елдердегі орнықты дамумен тығыз байланыстылығын және климат өзгерісі жаратқан тәуекелдермен айналысу бейбітшілік пен қауіпсіздікке үлес қосатынын *түйсіне отырып*,

Адамзат әрекетінің ауадағы парник газдардың мөлшерін айтарлықтай арттырып отырғанына және бұндай артулардың табиғи парник әсерін ұлғайтатынына *алаңдай отырып*,

Климат өзгерісінің жаһандық сипаты барлық елдерді анағұрлым кең ынтымақтастыққа және де олардың ортақ және де өздері алған міндеттемелеріне, қолда бар мүмкіндіктеріне және өздерінің әлеуметтік және экономикалық жағдайына сай пәрменді әрі орынды халықаралық қадамдарға атсалысуға үндейтінін *растай отырып*,

БҰҰ тұғыры аясындағы жаһандық ынтымақтастықты *ескере отырып* және ТүркПА-ға мүше елдердің Климаттың өзгерісі бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының конвенциясы (the United Nations Framework Convention on Climate Change (UNFCCC)) мен Киото протоколына, сондай-ақ, мүше елдер қосылған басқа да БҰҰ-ға қатысты құжаттарға адалдығын *тағзы да растай отырып*,

Мүше елдердегі климат өзгерісінің басты қырларын анықтаудың және оларға тиісті шешімдер табудың қажеттілігін *түсіне отырып*

ТүркПА-ға мүше елдердің парламенттері мен үкіметтеріне *келесілерді ұсынады*:

- a) Мемлекеттік және жекеменшік секторлардағы мүдделі орталарды жұмылдыра арқылы Ұлттық ыңғайлану жоспарларын (National Adaptation Programmes of Action (NAPA)) **(бар болған жағдайда – Қаз.)** пысықтай отырып климатқа ыңғайлану жұмыстарын **күшейту**;
- b) БҰҰ Климат конвенциясына (UNFCCC) тараптастардың конференциялары мен онымен байланысты органдардың аясындағы кездесулерде климат өзгерісі мен орнықты дамуға қатысты мәселелер бойынша ұдайы **кеңесу**;
- c) Мүше елдерде климат өзгерісіне ыңғайлану мәселесінде білім және ғылым потенциалын **жетілдіру**;
- d) Жел, су, күн және геотермал энергиялар сияқты инновациялық, жаңаратын энергия шешімдеріне парник газдардың таралуын азайту мақсатында **инвестициялау**;
- e) Климат өзгерісінен зардап шеккен тұстарда халықаралық донорлардан тиісті қаржы бөлінуін қамдай отырып, климат өзгерісіне ыңғайлану бойынша пилоттық жобаларды **жүзеге асыру**;
- f) Бұқаралық ақпарат құралдары және басқа да арналар арқылы климат өзгерісіне ыңғайлануға қатысты ақпаратты **дайындап, тарату** және де үкімет органдарының, жергілікті биліктің, жеке сектордың және азаматтық қоғамның климат өзгерісіне ыңғайлануға қатысты озық тәжірибелер жөнінде хабардарлығын **арттыру**;

- g) Аймақтық ынтымақтастықты **жандандырып**, климат өзгерісі мен оның салдарымен байланысты проблемалар жайлы кең хабар таратуды ниеттеген шараларды **қолға алу**;
- h) Экология мәдениетін, табиғи ресурстарды, оның ішінде энергияны, тұтыну мәдениетін **қалыптастыру**;
- i) Климат өзгерісіне қатысты ғылыми программалар, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудегі халықаралық әрекеттестік бойынша кеңестер **беру**;
- j) Айналаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласында ТүркПА-ға мүше елдер арасындағы басым бағыттарды **анықтау**.